

**«Менің Қазақстаным» республикалық сурет байқауының ережесі
(балабақша тәрбиеленушілері мен бастауыш сынып оқушылары
арасында, 1–4 сынып)**

1. Жалпы ережелер

1. «Менің Қазақстаным» жас суретшілердің республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін, оны өткізу форматын және тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты: білім алушылардың көркемдік, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың кәсіби бағдарлануын ынталандыру.

3. Байқаудың міндеттері:

1) жас суретшілердің эстетикалық, гуманистік және патриоттық сезімдерін, әлемдік және отандық көркем мәдениет дәстүрлеріне жеке қызығушылығын тәрбиелеу;

2) қосымша көркемдік білім беруді дамыту, білім алушы тұлғасын тәрбиелеуде, оқытуда және шығармашылық дамытуда балалар көркемсурет мектептерінің рөлін арттыру;

3) қатысушылардың ой-өрісін, олардың көркемдік қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігін кеңейту.

4. Байқау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша **қашықтық форматта** өтеді.

5. Байқау ұйымдастырушылары қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамдарын қалыптастырады, байқауды өткізеді, қорытындысын шығарады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және орны

6. Байқау нәтижесі **2025 жылғы 7 қарашада шығарылады.**

7. Қатысушылар сұранысты **2025 жылғы 15-24 қазанға** дейін ұйымдастырушының платформасына жібереді.

Хатқа мыналар қоса тіркеледі:

1) байқауға қатысуы туралы **өтінім** (туу туралы куәлік бойынша толтырылған тегі, аты-жөні, туған жылы, сыныбы, оқу орны, білім беру ұйымының және үйінің мекенжайы, телефоны)

<https://www.ziyatker.org/konkurssuret> платформасында қабылданады;

3. Байқауға қатысушылар

8. Байқауға еліміздің барлық балабақшаларынан 4–6 жас аралығындағы тәрбиеленушілер және жалпы білім беретін мектептердің 6–9 жас аралығындағы оқушылары қатыса алады.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;
- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;
- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру.
- күрделілік дәрежесі;
- өзіндік ерекшелігі;
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түсті шешім).

1. - «Менің Отаным – Қазақстан!»

– Баланың ел туралы түсінігін, ту, елтаңба, табиғат бейнесін салу арқылы көрсету.

2. «Менің отбасым – менің байлығым»

– Отбасы құндылықтарын, сүйіспеншілік пен бірлікті суреттеу.

Жұмыстар бейнелеу өнерінің кез келген техникасы арқылы орындалады.

Жұмыстың ең аз көлемі: 30х40 см-ден, аспауы керек. Барлық жұмыстарға қол қойылуы керек (аты-жөні) және көлемі 12 см х 4,5 см жапсырма болуы керек.

Жұмыстың төменгі оң жақ бұрышында автордың айқын оқылатын аты, тегі, жасы жазылуы тиіс.

9. Байқау жұмыстарын кәсіби қазылар алқасы 10 балдық жүйе бойынша бағалайды. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен ресімделеді.

4. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

10. Байқау номинацияларындағы жұмыстар кез-келген техникада (акварель, май, пастель, қарындаш, гелий қаламы, түрлі-түсті қарындаштар, аралас техника) кез-келген материалда (картон, қағаз, кенеп, т.б.) орындалады.

11. Байқауға жеке жұмыстар қабылданады (әр номинация бойынша – 1 жұмыс). Бір қатысушы бір номинацияға қатысады. Әр номинацияға бір қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады.

Байқау мына номинациялар бойынша өткізіледі.

5. Қорытынды және байқауды марапаттау

12. Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Түркістан облысы білім басқармасы - Досыбекова А.С